



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

SARYSU



4/04/2026 СЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz

sarysu_02@bk.ru

№24 (8988)

ОБЛЫСТА

ЕРБОЛ ҚАРАШӨКЕЕВ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛ ҚАРАШӨКЕЕВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН КЕҢЕСТЕ 2026 ЖЫЛҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ.

Жалпы облыс аумағындағы 42 елді мекен су тасқыны қауіпі бар аймақта орналасқан. Сонымен қатар елді мекендер мен шаруашылық нысандарына қауіп төндіруі мүмкін 12 су қоймасы бар.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Бекзат Қамбаров қазіргі таңда елді мекендерде қар жамылғысы мен топырақтың кату деңгейі жоқ екенін жеткізді. Гидрологиялық деректерге сәйкес өзендердегі су деңгейі тұрақты, күнделікті мониторинг жүргізілуде.

Өңір басшысы ауа райының күрт жылынуы таулы аймақтардағы мұздықтардың еруіне әкеліп, көлбеу ағын қауіпін күшейтуі мүмкін екенін атап өтті. Алдағы аптада жауын-шашынның мол түсуі болжанып отыр.

Өткен жылы өңірде су тасқыны жағдайлары тіркелді. Сондықтан тиісті шараларды дер кезінде қабылдап, кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет, – деді Ербол Қарашөкеев.

Облыс әкімі кеңесте бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Атап айтқанда, осы аптаның сенбісінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында арық-ағыздар мен су жүйелерін тазалау, автожолдар

бойындағы көпірлер мен су өткізу құрылғыларының жай-күйін тексеру, сондай-ақ техникалардың дайындығын қатаң бақылауға алу міндеттелді.

Сонымен қатар су тасқыны қауіпі бар елді мекендерде қажетті резервтер жасақталып, мобилді топтар құрылуы тиіс. Ауа райының өзгерісіне тұрақты мониторинг жүргізіліп, гидротехникалық құрылыстарда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылуы қажет.

Бұдан бөлек, төтенше жағдайлар кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар алдын ала жоспарланып, жанар-жағармай, азық-түлік, медициналық және материалдық-техникалық қорлардың жеткілікті болуы қамтамасыз етілуі тапсырылды.

– Ең бастысы – тұрғындардың қауіпсіздігі. Төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету алгоритмі қатаң сақталуы тиіс. Табиғи апаттардың алдын алу жұмыстары қазірден басталуы қажет, – деп түйіндеді өңір басшысы.

Кенес қорытындысы бойынша облыс әкімінің орынбасары Алтай Өліге мәселені тұрақты бақылауда ұстау міндеті қойылды.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі



ТАЗАЛЫҚ БАСТЫ НАЗАРДА



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АЙМАҒЫНДА ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП, ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ЭКО-ЧЕЛЛЕНДЖЕ АЙНАЛДЫ. БҮГІНДЕ БҮЛ ШАРАҒА ЕРІКТІ ЖАСТАР МЕН БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕР ҒАНА ЕМЕС ТҮРЛІ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ҒАЛЫМДАР ДА АТСАЛЫСУДА. БАСТЫ МАҚСАТ – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ САҚТАП, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӨДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы ауданда әсіресе ауылдық округтерде белсенді ұйымдастырылуда.

Саудақент ауылындағы орталық саябақта аталмыш акция бойынша тазалық жұмыстары жүргізілді. Шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Жұмат Сақылбеков:

– Тазалық – игі істің бастауы, табиғатқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі. Бүгінгі іс-шараның мақсаты – табиғатты аялау, жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту және туған жердің көркеюіне үлес қосу.

Біздің мақсатымыз – экологиялық жауапкершілікті әр азаматтың күнделікті өлетіне айналдыру. «Таза бейсенбі» – қоғамды ортақ игілікке жұмылдыратын аса маңызды акция. Осындай жүйелі іс-шаралар арқылы біз елді мекендеріміздің санитарлық ахуалын жақсартып қана қоймай, қоршаған ортаға деген жаңа көзқарас қалыптастырамыз.

сабақтастығының, экологияға деген қамқорлықтың және балалар болашағына қосылған үлкен үлестің белгісі боларына сенімдімін, – деп тазалық шарасының маңызын жеткізді. Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Диханбай Ақділда, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Арқабай Төлмағанбетов, кеңес мүшесі Сейіткадыр Әбдіхалықов та сөз сөйлеп, ізгілікке бастар тазалық шарасында ауыл тұрғындарын белсенділікке шақырды. Тазалық жұмыстары барысында саябақ іші құл-қоқыстан тазаланып, талдар өктелді. Акцияға сондай-ақ, ауыл тұрғындары мен аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қызметкерлері де бірігіп қатысты.

Қолдарында шырпы, күрек пен балта. Техника да тынымсыз жұмыс үстінде. Саудақент ауылында ұйымдастырылған Таза Қазақстан акциясы кең көлемде өтті. Мемлекеттік қызметшілер, еріктілер мен жергілікті тұрғындар атсалысып, аула сыпырып, қураған бұтақтарды кесіп, қоқысты шығарды. Бұл тек тазалық емес, бұл экологиялық мәдениетті арттырудың нақты үлгісі.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аудан көлемінде жандана түсті. Барлық ауылда тұрғындар, түрлі ұйым өкілдері мен белсенділер сенбілікке шығып, өз аумақтарын ретке келтірді. Кей жерлерде өзен мен көл маңайы қоқыстан тазартылып, басқа аймақтарда қошет отырғызылып, жасыл желек жаңарды. Ауларда сыпырылып, арық-ағыздар тазартылып, жол жиегі мен саябақтар абатандырылды.

Иә, қоқыстың ретсіз шашылуы-тек қана эстетикалық жағынан жағымсыз көрініс емес, сонымен қатар қоршаған ортаға орасан зор зиян келтіреді. Желмен ұшқан пластик пакеттер, сынған бөтелкелер мен басқа да тұрмыстық қалдықтар қала келбетін бұзып қана қоймай, экожүйеге кері әсерін тигізеді. Аулада немесе көше бойында шіріп жатқан қалдықтар түрлі аурулардың таралуына себепші болуы мүмкін. Табиғатымыздың тазалығын сақтау – өзімізге жасаған жақсылық.

Ауданымыздың тазалығы тек әкімдікке немесе коммуналдық қызметтерге ғана байланысты емес. Әрбір тұрғын өз ауласын, көшесін таза ұстаса, қоқысты арнайы жөшіктерге ғана тастаса, біздің ауданымыз әлдеқайда көрікті әрі жайлы болар еді.

Сонымен қатар, жергілікті билік пен еріктілер тобы ауданның тазалығын жақсарту мақсатында түрлі сенбіліктер ұйымдастырып келеді. Дегенмен, ең бастысы – әр адам тазалықты сақтауға өз үлесін қосуы керек. Табиғатымыздың көркін сақтау – болашақ ұрпаққа қалдырар ең асыл мұра.

Тазалық мәдениетін қалыптастыру – ортақ жауапкершілік. Балаларымызға үлгі болу үшін, өзіміз тазалықты сақтай білуіміз керек. Егер сіз көшеде немесе қоғамдық орындарда бірдеңің қалдырсаңыз, оларға сыпайы түрде ескерту жасаңыз.

Баршамыз бірігіп, туған қаламыздың тазалығын сақтауға атсалысайық! Сарысу ауданы-біздің ортақ үйіміз, оны таза ұстау-әрқайсымыздың міндетіміз.

Сәулет ЕСКРАПА, «SARYSU»



Ағаш егудің мағынасы терең. Ағаш егу – жай ғана жұмыс емес, бұл – болашақ ұрпаққа деген қамқорлық. Жалпы, Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасы – бүкіл елді біріктірген игі іс. Қазір бұл бастама еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асып жатыр. Шын мәнінде, бұл бір күндік науқан емес. Бұл – біздің еліміздің болашағына деген өз көзқарасымыз. Бұл – келер ұрпақ алдындағы аманатымыз, бәрімізді жұмылдыратын ортақ іс. Бүгін мұнда салалық кәсіподақ өкілдері жиналды. Бұл – балалар жүрген жердің гүлденуіне, болашақта үлкен саябаққа айналуына үлес қосу деген ниет. Бұл бастама ұрпақтар



РЕФЕРЕНДУМҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСҚАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ



Жаңа Конституция жобасында Қазақстанның құқықтық мемлекет екенін нақты көрсету басты міндет ретінде айқындалған. Бұл бағыт адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде мойындайды. Мемлекет азаматқа деген қатынасын қайта қарау арқылы шешім қабылдауда құқықтық нормалардың адамға бағытталуын қамтамасыз етеді. Құқықтық жүйенің формалды құрылымынан шығып, азаматтың мүддесі басты орынға қойылады. Барлық саяси немесе әкімшілік шешім осы қағидатқа сәйкес болуы тиіс. Бұл өзгертулер заң үстемдігі мен құқықтық қауіпсіздікті күшейтеді, азаматтың сенімін арттырады. Сонымен қатар, реформаның негізгі мақсаты – әділеттілік, теңдік және ашықтықты нығайту, қоғам мен мемлекеттің арасындағы сенімділік орнату. Осы қағидаттар локалды тұрғыда азаматтарға түсінікті, әрі нақты қолданысқа сай жасалған. Қазір Конституция жобасында адам құқықтарының қорғалуы және мемлекеттің жауапкершілігі айқын көрсетілген. Бұл бастамалар азаматтық қоғамның дамуына оң әсер етеді және құқықтық мәдениетті нығайтады.

Мемлекетіміздің біртұтастығын айқындайтын

жаңа Конституциялық реформа ауданымызда сәтті жүзеге асып, аудан жұртшылығы жоғары белсенділік таныты. Бұл тиімді ақпараттандыру мен сапалы жұмыстың нәтижесі. Осы орайда, «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелерімен кездесу өтті. Кездесуге қатысқан аудандық коалиция жетекшісі Мұратбек Есмұрзаев науқанның кезінде бірліктің көрінісін таныта білген коалиция мүшелеріне алғысын жеткізді. Сонымен қатар, бірқатар аудандық коалиция мүшелеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, «AMANAT» партиясының төрағасы, Коалиция жетекшісі Ерлан Қошанов пен партияның Жамбыл облыстық филиалының прен партияның Жамбыл облыстық филиалының кезегінде партия ардагері, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Диханбай Ақділда ақжарма тілегін айтып, мәртебелі марапатқа ұсынып жатқан аудан басшылығына алғысын білдірді. Еселі еңбек ақталған күнде партияның мәртебесі асқақтай бермек!

Самат ТОҚБАНОВ, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының консультанты

ЖАЗЫЛЫМ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

СІЗДЕРДІ 2026 ЖЫЛЫ ДА ӨЗДЕРІҢІЗДІҢ СҮЙІКТІ ГАЗЕТТЕРІҢІЗ «SARYSU»-ДАН ҚОЛ ҮЗБЕЙДІ ДЕГЕН

СЕНІМДЕМІЗ!



АСАҢӘЛІ АҒАНЫҢ РУХЫНА

ТАЛҚЫСЫНА ТАҒДЫРДЫҢ ТӨТЕП БЕРГЕН...

(ӘССЕ-МОНОЛОГ)

АҢЫЗ АҒА, АБЫЗ АҒА, АРДАҚ АҒА! МІНЕ, СІЗДІҢ ДЕ ҒӨНІ ДҮНИЕДЕН БАҚИ ДҮНИЕГЕ ӨТКЕННІЗГЕ ДЕ ЖҮЗ КҮН ТОЛЫШТЫ. БОЙЫҢДА БҮЛҮКСЫҒАН ҚАЗАҚ ҚАНЫ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАБЫРҒАСЫН ҚАЙЫСТЫРЫП КЕТТІҢІЗ. ӨЗІҢІЗБЕН ҚОШТАСУҒА КЕЛГЕН ҚАЛЫҢ ЖҮРТ АТАҚТЫ ОПЕРА. БАЛЕТ ТЕАТРЫНЫҢ КЕҢ ЗАЛЫНА СҢЙМАДЫ. КОРИДОРДА ДА, СЫРТ АЛАҢДА ДА ТҮРҒАН ҚАРАҚҰРЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРАМЫ САНАНЫ ТАҢДАҢДЫРҒАНДАЙ ЕДІ. ӨЗІҢІЗГЕ ДЕГЕН ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ СҮЙСПЕНШІЛІГІН ТІЛМЕН АЙТЫП ЖЕТКІЗУ МҮМКІН ЕМЕСТЕЙ.

Осы орайда, артқа шегініс жасамасқа болмайды. 2024 жылы өзіңіздің жарық көрген «Ақтермін мен мың өліп, мың тірілген...» кітабыңыздың атауы Сіздің кең өрісті, үлкен өнер жолында ақ тер, көк тер болып, жанкештілікпен еткен еңбегіңіздің шынайы шежіресіндегідей әсер етті. Атан түйеге жүк болардай атак-даңқыңыз, алуан сипатты марапаттарыңыз Сізге еш оңайлықпен келмегені ембеге аян.

Сіздің театр, кино өнерінің Олимпіне көтерілуіңіздің бастауы сонау сырт көзге қораштау көрінетін, табиғат көркі былайғы жұртты тамсандырмайтын бұрынғы III Интернационал колхозында басталған болатын.

Сіздің бес томдығыңыздың 3-томының 127-бетінде басылған мәңгі «Үшқан ұя» атты мақаламда өзіңіздің құрдасыңыз марқұм Кәрішал Уызбаев пен жақын жеңгеніңіздің естелігін келтіріпін. Көрішал:

– Біз 1944 жылы бірінші сыныпқа бірге бардық. Осы күнгі Мәдениет үйінің маңында Байлы деген кісінің ұстаханасы болатын. Маңында бөлек-бөлек ескі үйлер болды. Сонда тығылспақты жиі ойнайтынбыз. Меніңше, Асанәлінің өртістік өнерінің алғашқы ұшыны осы бір тұстарда көрінді-ау деп ойлаймын. Балалар «өртгі» ойнайтынбыз, тапқа айтатынбыз. Ауылға өте сирек келетін өртістерге еліктейтін әдет барды.

Асанәлінің құрдастары оның сол кезде өз жанынан шығарған «Он алты шал» деген өлеңінің бар екендігін жақсы біледі. Мәңгі есімде жекелеген жолдары қалыпты. Соны бір білсе, Асекеннің жақын жеңгесі Сәтжан білер...

Сәтжан Шүләнбайқызы:

– Иә, иә, бәрі болмаса да біршамасы есімде бар. Көдімгідей әлгі атақты «Он алты кыз» өніне салып айтқанда, мен орағымды ора алмай, күлдіпен құлап қаламын. Осы бет-аузым құбылып, даусым көкей айтқанда, келістіреді. Көрішал екеуі орақта үнемі маған көмектесетін.

Қызыл ту да біздің қолдан түскен жоқ. Мен өте жаспын. Он алтымың осы Асанәлінің жаннан жеңгесі болған едім. Енді жандары жаннатта болғыр, атан ағамның аталары кешіре жатыр. Сен сұраған соң, түгелдей есімде қалмаса да, қайырмасын айтып көрейін. Асанәлі қолына қурай ма, таяқ па алып айтқанда, әлгі «Он алты шалы» құлпырып кетеді. «Астыма мінген атым ғинаушы...» – деп айтып келеді де:

Мола да атанай Тоғызбақбай,
Маймандаған Тоқпанбай,
Кіріпті ұзын Ынтықбай,
Жуан сары Әлжекең,
Сырқы бойлы Болтекең,
Құртқандай Құсекең,
Тәй-тәйлаған Қасекен,
Гүрлідеген Мүсекең,
Бөлекпей шал Әсекең,
Тентек мінез Тырыкең,
Арба айдаған Бөсекең,
Басын таңған Махакең,
Аумай қалған ападан, –
деп шұбатып кете беретін. Осылай айтып-айтып алады да:

– Сәтжан, мұны ешкімге айтып қойма, – деп, мойныма асылып ерекелетің.

Міне, мен келтірген осы үзіндіден-ақ Сіздің тал бойыңызда өртістік өнердің жарқ-жүрк еткен ұшыны сол кезде-ақ бар екенін білгенбіз. Енді оның қайдан бастау алған жауабын да Сіздің өкениңіз замандасы, туысы, қан майданда етігімен су кешкен серігі, өзіңіз көрген соғыс ардагері Жарықасын Сырттанбеков ағамыз былай деп еске алыпты:

– Асанәлінің әкесі Өшімнің бауырлары өте тату-тәтті, ұжымы ажырамаған, құдайына қараған жандар. Төрт үйлі жан қазақы қоржын тамда тұрып жатты. Барлығы бір самауырнан шай ішеді. Ең көңге інісі Қасым екеуінің рең-жүзі, пішімі қатты ұқсайтын. Асанәлінің шешесі Тәжіхан да баласын өсіру үшін аз азап шеккен жоқ.

Өшім екеуіміз, Амантайдың әкесі Серік, Смағұл, Жайлау, Ертай, Алыбай, Сексен, Мәмбет, Әбіш, Ақберген, Мәмбетбай деген жігіттер Челябинде 40 күн ойнадық. Сталинград шайқасына қатыстық. Қақаған қыста оқопта жаттық.

Тіпті бірде Өшімнің шинелінің етегі тонға қатып қалып, кесіп алғанымыз есімде. Мінезі жібектей, кісімішілді жоқ, қатты сөзді білмейтін жан еді. Оның күлдіргі мінезі бәріміздің есімізде. Бірде ол мажорка темекісін газетке ерекше ұзын етіп, шырышқай орап алды. Сөйтті де оны оқумен басын қылттытып, жоғары көтерді. Үстімізден оқ зулап өтіп жатыр. Біз шу ете қалдық.

– Өй, Өшім, не істеп жатысың?

– Мына шылдымды немістін оғына тұтатып алайын деп жатырмын, – деді аспай-аспай. Бәріміз күліп жатымыз. Тамақ ішіп отырғанда да, ұрыстан аз-кем тыныс кезінде де, оның айтар өзілі, күлкілі сөзі таусылмайтын. Сол Сталинград маңында тоғыз ай жаттық. Қатты қырғыннан біздің топтан алты-ақ адам аман шықтық. Соның бірі Өшім еді. Кейін жолымыз екі айырылды.

Кейін естігенімде, Чехословакияда қару-жарақ қоймасында күзетте болыпты. Өкініштісі соң, Женис күніне жақын қалғанда қазаға ұшырапты.

Міне, осы тұста Сіздің бойыңыздағы өртістік өнердің тақыр жерге тамыр тартағанын бағамдауға болады деп ойлаймын. Балалық шақтағы өзіңіз айтқан естеліктерде жеті қадам жерден қазай тізілген асықтарды шірей атқанда, баудай түсіретін мергендігіңізге құрбыластарыңыз қызғана

қарайды екен. Ал ләңгі тепкенде он екі мүшенің бірі қалмай қимылдайтынын, аяқтағы киімнің жұлығы түтеленіп кететіндігін сүйсіне еске алатынсыз. Свирыдың не түйенің тобығын имек таяқ басымен қақпақыл қылып, қызмай деген ойынды ойнағанда да, алдан көрінді екенсіз. Жан теріңіз шығып, ортадағы кішігірім кесе аузындай шұқырға түсіруге де шеберлік керек ететінін бала жастан бойға сіңіріпсіз. Ауылдың шығыс бетіндегі Шабактының шынылытыр көк мұзында жалпақтау ағаштың табанына қарындаштың жуандығынан сәл жіңішке қара сымды бекітіп, сыңар аяқпен сырғанағанда да, алдыңызға жан салмайды екенсіз. Нар қамыстың бұылтық тұсын үңгіп, жұқа қанылытырды қиғаштай кесіп, үшкірлеп, жіңішке қамыстың басына кигізіп, оны ұңғымаға орнатып, көкке атынасыз. Сонда көк жүзінде күнге шағыла ұшқан оқтын көз ұшында сағымданып, жерге қайта оралып, қара жерге қалғанын көргендегі балалық қуанышыңыз біздің де құлағымызға жанғырып жеткендей. Тобылғы мен жыңғылдан садақ жасап, адырнасына салған үшкір қамыс жебенің ысқырған дауысына құлақ қурышын қандырдыңыз... Бала шақтан мерген едіңіз. Қызылжесек маңындағы Ақтөбе Сіздер үшін «майдан» даласы болды. Сол жерде жыңғыл қылышпен талай «жеке-жеке» шайқастар өткіздіңіздер. Бошпа талдың тік бұтақтарын найза қылып, «қарсы» топпен «кыян-кескі» ұрыстар өткіздіңіздер. Сіздің тіктей қарағанда мұлт кетпес мергендігіңіз өз құрбыларыңыздың есінен еш кетпеген еді. Өзіңіз бір сөзіңізден мергендігіңіз мұлт кеткен жерім жоқ депсіз. Бірақ бүткіл өміріңізде бір-ақ рет киікті атып, қасына келген көзін көзіңізден ағып жатқан жасты көргенде, өн бойыңыз тітіркеніп, бұдан былай тірі жөндікке мылтық көтермесің деп іштей серт еткеніңіз құлағымызда жанғырып тұр. Ол мергендігіңіз бильярд өнерінде кең өріс тапты. Шарларды сарт еткен сақпан оғындай атып, ұшықтарға топырлататынсыз. Тирлерде атқан оғыңыз мұлт кетпейді екен. Студенттік шақта фехтование, пирра-ласудан бірінші дәрежелі ойыншы деңгейіне көтерілдіңіз. Бассейнде жақсы жүзе білдіңіз. Өз қатарларыңызбен жолақ боймен жүзе жарысқанда да, бөйге тізілген бермеуді мақсат тұттыңыз.

Мерген болсаңыз да, тәуір деген аңшылардың «азғыруына» елікпедіңіз. Құқа байланған тіршілік иесі де өзіміз секілді өмір сүруге ерекше деп, тереннен ой толғайтыныызға ерекше сүйсінетінбіз. Соның өзінен өзіңіздің өмірге деген әрі кең, әрі ол көзқарасыңыздан ізгілік пен мейір атарласқан қатпарын айқын көретінбіз.

Сіздің осы мергендігіңіз, найзагерлігіңіз, әбжіл қимылға ерекше бейімділігіңіз ешқандай қасқалерсіз-ақ «Қыз Жібекте» де, «ТрансСібір экспресінде» де, «Атаманның ақырында» да ерекше жарқылдап, жана қырынан көрінді.

Сіз жетімдіктің тақсиретін бір кісідей-ақ таттыңыз. Ауылдан недәуір қашықтағы мектепке күздің қара суығында жалаңаяқ барудың «тәжірибесін» бастан кеттіңіз. Бір үзім нанның қадірін білдіңіз. Көзі тіршінде «апа» деп емен-жарқын айта алмай жүрген туған анаңыз Тәжіхан Новосібір облысына ағаш кесуіге зорлықпен аттандырылғанда, Сіз Байқадамдағы интернатта жаттыңыз. Өкеніз Өшімнің туған ағасы Қойшыбайдың әйелі Алтынкүл туған анаңыздай болды. Күйеуіңен он шақты перзент көрсе де, біреуін ұстап қала алмай, қара жер қойнына ерте тапсырған Алтынкүл пірөдар атаның кіндігінен өрген ұрпақтарға, олардың перзенттеріне ерекше адал, мейірбан ана болды. Өзе-өлгенше қайнағасы Мәдікеннің Асқарәлісінің қолында болды. Келіні Рая екеуі сталиндік репрессияның қанды шенгелінің қасіретін тартқан шаңырақты күт менгеніп айналдырды.

Сіз де сол Алтынкүлді бар жан-тәнінен жақсы көрдіңіз. Байқадамдағы интернатта күніне беретін үш түйір қанттың екеуін сол Алтынкүлге сақтап, апарып беруші едіңіз. Ізгілік шуағымен, адал да ыстық ықылсап апарып берген осы азғантай сыйды алған ананың төбесі көкке екі елі жетпей қалушы еді. Сіздің кіршіксіз, еш алауатыс бала жүрегіңіздің шуағы өз кіндігінен тараған бес перзентін шашау шығармай, бір аула да тату-тәтті өмір сүргізіген, жүзінен нұр төгілген, күмістей сарқыл алың жапқан, мейір шапағаты ұялаған, бүкіл болмысы адалдық пен ізгіліктің құрыш қуымасындай, мұсылмандықтың ізгілікті арнасын мейірін қандырған аяулы ата Ысқақ пірөдардың дегдар болмысынан бастау алғаны еш шүбәсіз еді.

Сіз өз еңбектеріңізде де, берген сұхбаттарыңызда да оның есімін үнемі біттерген отырып еске алып отырудан еш жаңылған емессіз. Пір тұттыңыз. Өмірдегі, өнердегі жетістіктеріңізді, табыстарыңызды сол кісінің аруағымен, «қызыл жолбарысымен» байланыстырдыңыз. Сөйтпін 2006 жылдың 8 мамырында туған тойырағыңыз Жайылмада Ысқақ пірөдар ата атындағы келбеті келіскен мешіт аштыңыз. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Шерхан Мұртаза, Төрегенді Шарманов, Шота Уәлиханов, Әшірбек Сығай, Жүрсін Ерман секілді ұлт зиялылары сол салтанатқа қатысып, ізгі ниетіңіздің шынайы куәгерлері болды.

Кейініріктеу Ысқақ пірөдардың



нәмересі Асқарәлі Мәдікенұлы екеуіміз ол кісіге арналған кітап шығардық. Ол 1941 жылы дүниеге келген ағасының бет-бейнесін біршама есте сақтаған екен. Мен сол кісінің айтуы бойынша пірөдар атаның болжамды портретін бояумен салдым. Барлықтарыңыз ұнаттыңыздар. Кітапқа пайдаландық. Үлкен іс-шара кезінде бүкіл тұр қабырғаны алған билборд жасалынып, кештің ажарын кіргізді.

Сол іс-шара алдында менің «Егемен Қазақстан» газетінде «Асанәлінің атасы» деген көлемді мақала жарияланған еді. Елге бет түзеп, жолда Құлан аулынан өте бергенде өзіңіз маған қуана телефон шалдыңыз. Қоғам қайраткерлері Әбіқай Нұртаев пен Зақаш Камалиденовтер материалды оқып, өзіңізге телефон соғып, құттықтап жатқанын мейірлене жеткіздіңіз. Ол сәтте өзіңіздің қолыңызға да, бізге де бас басылымның тие қоймаған кезі еді.

Сіз жұмыс кестеңіз тығыз болса да, бірде-бір рет өзіңіздің туған ауылыңызға жыл сайын соғуды еш есіңізден шығармайтынсыз. Ашаршылық кезінде сонау Арқа төрінен үдере көшіп келіп орнаған кезде ағайындылар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ сәегі бар қам кіріштен соққан қоржын тамда тату-тәтті тұрдыңыздар. Ысқақ пірөдардың бөбібісі Айбіке апа да жан-жағына мейірім шуағын төккен жан болыпты. Оның үлкен перзенті Мәдікеннің әйелі Ұлтай, Қойшыбайдың зайыбы Алтынкүл, Әлжан атаның жұбайы Үлбөбек, Өшімнің жары, Асанәлінің анасы Тәжіхан қыз бойы бір шаңырақ астында ауызбіршілікте ғұмыр кешті. Көктем лебі біліне кең аула ішіне тіккен қонарқай киіз үйлеріне ауысады екен. Бірақ пірөдар ата қалыптастырған тәртіп бойынша қысы-жазы бір дастарқаннан ақ ішеді. Осы төрт абысын-ажындылардың татулығына айнала жұрт қызғыға да, қызғана да қарайды екен. Қасым аға ол кезде үйленбеген болатын.

Менің кластасым, жолдасым, отыз алты жасында қасқойлердің қолынан мерг болған Белетәлінің өкесінің қара шаңырағы осы күнге дейін сол құтты аула ішінде. Өзіңіз келгенде, ең алдымен, ибалы келініңіз Ай-бала отырған шаңыраққа соғып, аруақтарға құран оқытып жүргеніңізді жақсы білеміз. Үлбөбек апаны келі қушақтап, бауырларыңа басып, бетіңнен емірәе сүйгеніңізді куәгері – мына біздерміз. Келген сайын аяулы, асыл өзіңізге деген кіршіксіз жүрегімен берілген Бағдаттыңызбен мешітке түнейтінсіз. Балалық шақта тай-құлындай тебісіп бірге өскен, бүгінде марқұм болып кеткен Кәрішал Уызбаев пен Октябяр Түсеновтермен кездесіп, мөресәре болатынсыз. Мен Жаңатас қаласынан кешігіп жетсем: «Сен осы уақытқа дейін қайда жүрсің?» – деп еркелете айтатынсыз. Сіздің елге келуіңіз ауыл үшін үлкен мереке болатын. Соңғы жылдары өзіңіздің атыңыздағы шахмат турнирлері ауқымды деңгейде өткізіліп жүрді. Жеткіншектер алдында құттықтау сөзіңізде үнемі салауатты өмір салтын ұстанудың, зайырлы білім алудың пайдасы туралы шегелеп айтатынсыз. Өзіңізбен суретке түсіп, авторлық қолтаңба алған жастардың қуаныштары қойнына сыймайтын.

Сонау 1958 жылы «Ботағоз» фильмі шығры. Калинин атындағы совхоздың клубына қойылды. Бала болсақ та, ұзынқұлақтан құлағдар болып, билет алып, киноны асыға күттік. Елдің аузында бір-ақ сөз: «Біздің ауылдан шыққан Асанәлі осы кинода ойнайды екен!»

Сонымен асыға күткен кино да басталды. Мұрты едірейген урядник Кошкиннің көшірі, яғни ат айдаушысы болған Кенжетайдың роліндегі Сізді көргенде клуб іші гулеп кетті. Қуанышымыз ұзаққа созылмады. Маньзыды пакетті жоғалтып алған Кошкин Кенжетайға қарадай пәле салып, соққыға жығады. Үлбөбек апаның шар етіп: «Ойбай, өлтірді-ау мына баламды!» – деп дауыстап жылағаны есімде. Қызба қанды бір-екі жігіттің «Өй, өкенің...» деп, шамырқанған дауыстары да естіліп қалды.

Міне, сол алғашқы тырнақалды роліңізбен-ақ Сіздің бейнеңіз біздің санамызда бедерлеге бастаған еді.

Сіздің консерваторияның актерлік факультетіне түсерде төрде отырған комиссия мүшелері екі ұдай пікірде болған ғой. Шөкірт шақтағы ұстазыңыз, құрбыңыз Райымбек Сейітметовтің «өрттістік тәжірибесінен» өтіп келгенсіз. Тапсырмаларды барына орындауға тырыстыңыз. Сенімсіздеу

шықса керек. Сонда, өзіңіз айтқандай, «екі соқырдың» бірі өнші әрі профессор Бекен Жылысбаев Сізді жаратпай, сол өзіңіз оқыған ауыл шаруашылығы институтында оқуын жалғастыра берсін деп кесім айтты. Екіншісі атакты композитор Ахмет Жұбанов оқуға қабылданғандар сапында үміткер, яғни кандидат болсын деп ұсыныс айтты. Ал режиссер Асқар Токпанов шыр-пыр болып, Сіздің көзіңізде ерекше ұшық, от бар екенін дәлелдеп бағады. Сөйтпін Сіз бірінші курс аяқталғанда кандидаттықтан сәтті өтіп, барлығын үздік тапсырдыңыз.

Екі Ақаңның үмітін толығымен ақтадыңыз. Сөйтпін Асқар Токпановтың тегеурінді тоқпағының «томпылының» арқасында өз құрстарыңыздың алдыңғы легінен көріндіңіз. Асқар Токпанов Сіздің көзіңіздің магиялық күшін ерте-ақ аңғарғанына төнтіміз. Ол туралы кейін

Сізбен етене ара-дасып, актерлік өнеріңізге риза болған атакты орыс актері Олег Табаков былай деген еді:

«Асанәлімен нықтасып кино алаңына шыққанда, оның өнменінен өтіп кететін жанары алғашқыда абдыратып-ақ тастайды. Бірақ мұндай жанардың тұзағына бір іліккен болды, өзіңнің ойнап жүрген роліңді тереңірек сезінесің».

Атақты режиссер Болат Мансұровтың жеті фильмнен тұратын «Көне болгарлар туралы сағасының» Шыңғысханға арналған екі сериясында ұлы ханның бейнесін кереметтей етіп сомдай білдіңіз. Ол туралы аса көрнекті кино қайраткері Никита Михалков: «Мен тура Асанәлі сомдағандай Шыңғысханды әлі көре қойған жоқпын», – депті. Ресейлік даңқты режиссердің сан жүздеген актердің ішінен таңдауыңыз Сізге түсуі тектен-тек болмаса керек.

2012 жылдың қонар күзінде Астанада Жамбыл облысының күндері өтті. Облыстың делегация құрамында бармын. Ол күндерге республиканың әр өңірін облыстың белгілі азаматтары да шақырылған еді. Алматыдан келгендердің сапында өзіңіз де болдыңыз. «Думан» қонақ үйіне орналастық. Күнделікті люкс бөлмесінде ертерек барып, өңімелесіп жүргенде мына бір жайды айтқан едіңіз. Әкем театрда жүргенде аяқтан шалып, бақтасты таятқан бір әріптесің бұрышқа тығып қойып, оқты көзін өнменіге қадап, бес минут бойы тілісіз қалдырғанын өңімелесіп едіңіз.

Сіз бір сұхбаттарыңызда бата сұраған жас әріптестеріңізге: «Досың көп болсын, дұшпаның онан да көп болсын!» – дегенсіз. Осы құлаққа тосындау естілетін батаның астарында сұрапыл шындық жатқанын кеш аңғарамыз. Бұл өз өмір жолыңызда кездескен кедергілерді жігеріңізді қайрап, намыс туын бір сәтке де еңкейтпей, құлшына, қайраттана еңбек етуге деген батыл талпынысыңыздан туған толғағмы ой екен де!

Осыдан 67 жыл бұрын «Асау Ертіс жағасында» деген фильмге түсіп, консерваториядағы сабаққа кеш оралдыңыз. Қолыңызда мөр басылған анықтама бар. Оқу орнының сол кездегі басшысы ұйғыр композиторы Құдыс Қожамияров Сізді, көптеген белді азаматтардың, тіпті Мәдениет министрінің араша түскеніне қарамастан, оқудан шығарып жіберді. Ол сол кезде республиканың бірінші басшысы Юсуповты бел тұтатын. Ақыр соңында әскерге өкелілетін болдыңыз. Бұйра шапшыңыз сыпырылып, сөзүлге шағылған жалтыр бас күйіңізде коридорда тұрдыңыз. Көнет... Иә, көнет... Сол оқу орнының оқу інісі менгерушісі, жігерлі, тегеурінді еврей ұлтының өкілі Елена Ильичина Масалович деген әйел Сізге бұрылып келіп, қол сұрайды. Жайыңызды білген ол дереу батыл қимылдап, былайша айтқанда, «ажалдан» арашалап қалады. Тәуекелге басып, 3-курс студенті деген жалған анықтама жазып береді. Қолындағы анықтама қағазды алған өнекем Сізді ботқап: «Осы уақытқа шейін негіз елдің басын қатырып жүрсің? Бар оқуына!» – деп қуып шығады. Мен кезінде бұл туралы жаздым да. Сізге сол мейірбан, қамқор әйелдің деректерін, суретін табуыңызды өтіңдім. Қағазбасты тірліктің тасасында қалған сұранысқа оқу орнының басшылығы немқұрайдылық танытқандай болды-ау деймін.

Сіздің өмір жолыңызда, тағдыр соқпағында ең бір нұрлы кезең – Шөкенқызы Майрамен шаңырақ көтеріңіз. Ол орысқа оқиса да, таным, пайымы қазақи салт-дәстүрдің шеберіне алыстаған жан емес-ті. Періштедей пәк, айнала дүниеге мөлдір апшақ сезіммен қарайтын аяулы жан екендігін өз естеліңізде, күнделік беттерінде сан мәрте қайталай, тебірең жаздыңыз. Жүрек түкпіріне уябаған сезімдеріңізді «Майраның өні» еңбегіңізде тебірең сипаттадыңыз. Алғаш ұйлаған жылы елге, Әлжан қария отырған қара шаңыраққа өкеліп, елге таныстырдыңыз. Осы орайда өкеніздің туған інісі Қасым ағаның сіздерге деген ұлы қамқорлығын еш естен шығармаймыз. Тойларыңыздың бар салмағын бір өзі көтерген еді. Женеміз Сізге алтын асықтай біріннен бірі өткен екі ұлы сыйлады. Өрісіңізді кеңейтті. Өкінішке орай, тосыннан жабысқан, миллионда бір кездесетін ауыр кесеп перизат жанды ажал тырнағына еріксіз іліктерді. Отыз жылға созылған жұптық өміріңіз ғұмырыңыздың ең аралы шақтары болды. Бір-біріңізге деген ұлы сүйіспеншіліктеріңіз туралы атакты Илья Жақановтың лирикалық эссесінде жан тебіренерлік сезіммен, тілмен суреттелген

ғой.

Шіркін, Майра! Жерлесіңіз, ғалым інізі Ахметов Аманбай бірде Сіздің үйге тосыннан келген ғой. Аса қызу, аяғы батпақ. Ішке қарай өңмендей озып, артына аймандай батпақ ізін тастағанын кеш аңғарды. Кінәсін тез түсініп, кері шегініп, Майрадан кешірім сұрайды ғой. Сонда ол еш рәжімсіз, емен жарқын күліп: «Сөздердей сүйікті қайныларымыздың шалыс басқан іздерін сүртіп алу бізге мәртебе емес пе?» – деп, үстіндегі киімін шешіп, ілішке іліп, еденді шұбырмен тазалауға кіріскен ғой. Тәжіхан апа: «Өмірге періште болып келіп, періште болып кеткен жаным-ау!» – деп аңырай қолтасқанда, қаумалаған қауымның қабырғасы қайыспай қалғаны жоқ. Оның аяулы, газиз апамен арадағы татулығына, сыйластығына сырт жұрттың барлығы танданатын. Ол да «Майрашым босағама бақ боп қонды», – деген бір жалқықан емес. Өмірден өткенше жалғыз ұлым жығыса болып өссін деп, соны рәжітпей өсірдім дейтін. Сөз арасында сонынан ерген Нұрлай мен Балқия қарындастарының жетіге толмай, қызылшадан қаза болғанын өкіне еске алушы еді.

Сіз асыл ана тілегіңіз үдесінен шыға білдіңіз. Әлемдік деңгейдегі өнер қайраткерлерінің сапынан көрініп, халқымыздың мақтанышына айналдыңыз. Мұның барлығы табиғаттан бойға қонған таланттың тізілген берік ұстап, оны ұйқысыз түндермен, ізденіске толы еңбекпен, санаға серпін беріп, ой салатын шығармаларды талдай оқып, шығармашылық шыңына жетелер жол табуға тынымсыз ұмытыстармен келген еді. Сіз көп оқитынсыз. Шекспирді, Шиллерді, Өзезовті, Айтматовты, Қалиханды, Оралханды сүйсіне оқып, шабытыңызға шабыт қосып, қиялыңызды қиянға шарықтатқаныңыз.

Қазақ сахнасының туабытты «Самородоктары» Қалибек Қуанышбаев, Елаубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбек, Серке Қожамқұлов, Шөкен Айманов, Қапан Бадырлов, Сәбира Майқанова, Бикен Римова-ларды үлгі тұттыңыз, өнерін үйрендіңіз. Үлкен өнердің қалай болатын үлгісін бойыңызға сіңірдіңіз. Өздеріне жүктелген рөлдерді ойнағанда олардың ұмытылмастай етіп сомдайтынын үнемі тіліңізге тиек етіп отырдыңыз.

Сіздің ізіңізді басып келе жатқан біздер де сол кісілердің сахнада ойнағандарының біразын өз көзімізбен көрдік. Шөкен ағаның «Отеллода» Отеллоны, «Асауға тұсауда» Петруччионы ойнағанына риза болғанымыз сонша, құрстарымыз Әбдібай Қорғанмыс, Канал Бабақов үшеуіміз екінші рет қайталай барып көргеніңіз есімізде. Бейкүну, пәк Дездемона роліндегі Торғын Тасыбекова, басасаулығы бой бермейтін Катерина роліндегі Хадиса Бөкеевалар осы күнге дейін өзіміз еш кеткен емес. Не 1963, не 1964 жылы «Қыз Жібек» операсының мыңыншы қойылуына орай бірінші күні аға буын тобы ойнағанда да еш қалмай қатысқаным есімде. Төлеген ролінде ойнаған Қанабек Байсейітов, Бөкежан роліндегі Құрманбек Жандарбеков, би сәнәсінеді білген Шара апамыз, Жібек роліндегі Шаба Бейсековалардың ойындарын тамсаңа тамашалыдық. Қыз Жібекті ойнаған Күлеш 1957 жылы дүниеге салып кеткен еді. Әсіресе Құрманбек Жандарбековтің қарттықтан қапқасын кері серіппі тастап, құлшына ойнағанына кереметтей риза болған халықтың қошеметі ұзақ шапалаққа ұласты. Сонда осы алғашқы қойылымды адамның көңілі сонша, Сіз де, мен де адам өтетін кілемді тепкіштің үстінде отырып көрдік.

Үшінші күнгі қойылымда сүйікті Майраның Қыз Жібекті келістіре ойнап, өзінің шын талант екенін паш ете білгенді.

Сіздердің бу

Сізге деген халқыңыздың шынайы сүйіспеншілігінің шеңберіндегі талай күесі болып жүрміз. 2022 жылы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданының Қадірқұл аулының шығысында Орақ әулие мен Шағырай батырдың сәулетті кесенелері ашылғанда Сіз бен халқының «Қыз Жібегі» атанған Меруерт Өтекешованы қалың халық алақанына салып, құрметтегінің куәсіміз.

Астанада бірге болып, екеуіміз қатар келе жатқанда, 11-12 жасар баланың алдымызды орағытып, бірнеше рет жүгіріп өтіп, кері қайырылып жүргеніне мен еріксіз назар аударған едім. Артыма қайырылып, еріксіз назар аудардым. Жүзінен нұры төгілген жас әйел жасқаншақтай күлісіреп, қатарына барып тұрған баласын нұсқалды. Мен сәл аялдап, онымен басымды ізеп амандастым. Ол ақырын ғана: «Аға, мына баламның аты Асанәлі. Сол кісінің құрметіне қойғанбыз. Атаға сөлем бермек еді. Батасын алса деп ем», – деді сыбырлай. Мен Сізді тоқтатып, сүйкімді, ақсары баланы қасыңызға шақырдым. Сіз оның маңдайынан еміреңе сүйдіңіз. Қол жайып, бата бердіңіз. Қуанышында шек жоқ анасы суретке түсіріп жатты. Сіз қайда жүрсеніз де, осындай құрметке ие едіңіз. Жүздеген емес, сан мыңдаған азаматтарымыздың альбомдарында, үйінің төрінде, ұялы телефондарының жадында, өзіңіз аса шеберлікпен салған графикалық бет-бейнеңіз бедерленген қолтаңбаларыңыз сақталған кітаптарда, ашық суретті открыткаларда Сіздің рухыңыз үнемі жаңғырып тұратынына шүбәсіз

сенеміз. Сізге деген сондай ұлы құрметтің бірі сонау Грузиядан, Тбилиси қаласынан Александр Давыдович Дзедзидзиди бастаған «Грузсельхозтехника» ұжымының «Атаманның ақыры» фильмінің көрген сәттегі тебіреністі, толғана жазған хаттан айқын көреміз. Ізгі жүректі жазушы, сан мыңдаған қазақ жастарының жүректерін «Махаббат, қызық мол жылдар» романымен жаулап алған Әзілхан аға мен асыл жары Халима апайдың өзіңізге деген ұлы құрметпен жазылған хатын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оның мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Ақиқат пен аңыз» кітабын комиссияның қорытынды мәжілісінде тәуір деп жүрген бір азаматтың айналасындағыларға: «Сызып таста!» деген сыбырын естігенде, Сіздің аюдай ақырып, әділетсіздікке, көреалмастардың күншіл күнкіліне төзбеген мінезділігіңіздің арқасында Әзілхан ағаның тағдыры оң шешілгенді.

Сіздің жазған күнделіктеріңізді оқығанда, өзіңіз өмір сүрген ортаның сан қырлы болмысын, өнер ордасының, өзіңіз араласқан мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің хас суретшілердің шебер қолдары қас қағым сәтте бейнелейтін этюдтік портреттеріндей бедерленген келбеттерін көреміз.

Осындағы әдемі әзіл, жеңіл юмормен әрленген тұстарды оқығанда, еріксіз езу тартамыз. Ара-тұра ашы мысқылдың ұытты лебі бетімізді ғана емес, санамызды да солқ еткізетін импульстік қуатын еріксіз сезінеміз.

Небір игі жақсылармен дәмдестүздас болдыңыз. Сүйікті інін Қали Сәрсенбай айтқандай, «алты

академикті орап кететін» дегдар мінезді, бойы да, ойы да биік Ақсежу Сейдімбекпен ұлы достығыңыз қандай жарасымды еді?! Бір-біріңізге деген құрметтеріңізге былайғы жұрт қызыға қарайтын. Оның шарждық суретін келістіре салып, нәдәуір көлемді етіп жазған көреміз. Ізгі жүректі жазушы, сан мыңдаған қазақ жастарының жүректерін «Махаббат, қызық мол жылдар» романымен жаулап алған Әзілхан аға мен асыл жары Халима апайдың өзіңізге деген ұлы құрметпен жазылған хатын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оның мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Ақиқат пен аңыз» кітабын комиссияның қорытынды мәжілісінде тәуір деп жүрген бір азаматтың айналасындағыларға: «Сызып таста!» деген сыбырын естігенде, Сіздің аюдай ақырып, әділетсіздікке, көреалмастардың күншіл күнкіліне төзбеген мінезділігіңіздің арқасында Әзілхан ағаның тағдыры оң шешілгенді.

Әзірбайжан Мәмбетовке, Шота Уәлиханға жазған әзіл арнауларыңыз да көкейге қона кететін. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша инсценировка жасап, оны екі бөлімді драма етіп, сахнаға даярладыңыз. Жазушылық қарым-қабілетіңізге де төңті болды. Білімдар сыншы, эстет Әшірбек Сығайды, даңқты режиссер Сұлтан Қожықовты ерекше сыйладыңыз. Ол түсірген «Қыз Жібек» әлемнің алпыстан астам еліне прокатталғанын мақтан тұттыңыз.

Асыл Аға, Аңыз Аға! Сіз көзі тіріңіздің өзінде өзіңізге өлмес ескерткіш орнатып кеттіңіз. Қаншама мүсінші, суретшілер Сіздің табиғат берген көркем келбетіңізді келістіре бедерледі. Атақент кешені маңындағы дүйім жұртқа қасқая қарап отырған, ел ықыласына бөленген кейіпкер келбетіндегі мүсіншіңізді кие тұтқан жастар Сізді құшақтап, суретке түсіп жатқанына талай жұрт қуа. Қаншама ақын өзіңізге қыр жолдарын арнап жатты.

2002 жылы қарашада Сіз ауруханада жатқанда көңіліңізді сурап, өзіңізге соққан едім. Тура сол жолы бір сағаттан соң үйге

шыққалы жатыр екенсіз. Сыртта күтіп тұрған Бейсенбай деген жүргізушіңіз бізді күтіп тұрды. Үйге келдік. Немере інісі, марқұм кластасым Белетәлінің үлкен қызы Салтанат үйде ас-су даярлап күтіп отыр екен. Үйде үшеуіміз ғанамыз. Біраз әңгімелесіп отырдық. Шахматтан екі рет ұтыңыз. Мен сонау 1997 жылдан бастап, 1797 жылы батыс өлкеден Арқа алабына қоныс аударған Тама, Жағалбайлы, Алшын-Шеркештер тарихы мен шежіресін жинаумен айналысып жүрген кезім. Содан сөз арасында Сіз: «Менде екі-үш қап дүниелер, материалдар жинақталып қалған. Соларды сән реттеп, жүйелесем, мен тиесілі ақыңды төлеймін», – дедіңіз. Сәл-пәл қолайсызданып қалдым. Аз-кем ойланып барып: «Асеке, өзіңіз білетіндей, мен мына бір ауқымды үлкен жұмыспен айналысып жүрмін ғой. Сіздің үденізден, көңіліңізден шығатындай жасай алмасам, ұятты болып қаламын ба деп қорқақтап отырмын. Архивпен жұмыс істеген соң жиі ақылдасар тұстары мол болады. Мәнін шалғай Жаңатаста тұруым да бұл іске салқынын тигізеді ғой», – дедім. Мен айтарын айтып алсам да, Сіздің алдыңызда өзімді аз-кем қолайсыз сезіндім. Сіз үндемей қалдыңыз.

Содан 2007 жылы А4 форматындағы аса көлемді, сегіз жыл бойы еңбектенген 1024 беттік «Үркердей болып көшкен жұрт...» кітабының сүйінші данасын өзіңізге тапсырдым. Сіз риза болдыңыз. Мамыражай мамыр айының орта тұсында Қазақстан Жазушылар одағының акт залында үлкен тұсауесер өткізді. Өзіңіз басқардыңыз. Үлкен залдың

пайдалану хұқығын сол кезде Жазушылар одағының орынбасары қызметін атқарып жүрген ауылдасымыз, көрнекті жазушы Берік Шаханов алып берген еді. Қолтаңба беруден қол босағанша мені ерінбей-жалықпай күтіп тұрғаныңыз әлі күнге көз алдыма да. Тура сол 2007 жылы Сіздің кереметтей безендірілген, мазмұны аса бай бес томдық шығармалар жинағыңыз жарық көрді. Сол көп томдықты келістіре жүйелеп, тап-тұйнақтай етіп, баспаға әзірлеген менің сүйікті шөкіртім, казак журналистикасының тарланы, жазушы, қазақ өнерінің білікті шежірешісі, эстет Қали Сәрсенбай ініңіздің іскерлігіне, талғампаздығына өзіңіз де сүйсіндіңіз, біз де сүйсіндік. Сіздің шығармашылығыңыздың бес саусақтай білгірі, көзіңіз тіріде «Тұлғатану» сериясымен «Абыз-аңыз», одан соң «Корифей» кітабын жарыққа шығарды. Екеуіңіздің ағалы-інілі сыйластық қарым-қатынастарыңызға сыртта жүрген біздер қатты қызығамыз. Кейініректе мемлекеттік тапсырыспен жеті томдығыңыз жарық көрді. Бұл орайда да Қали редакторлық етіп, жинақтың сапалы шығуына көп еңбек сіңірді.

Ардақты да аяулы Асанәлі Аға! Міне, Сіздің асыл бейнеңіздің көзімізден бұл-бұл ұшқанына, қара орман халқыңыздың қабырғасын қайыстырып, кеткеніңізге жүз күн толып отыр. Өзіңіз көзден кетсеңіз де, көңілден еш кетпейтінінзі ақиқат. Экранда бейнеленіп қалған образдарыңызбен талай беттесерміз. Көңілдегі көрікті, бедерлі ойларыңыз кестеленген күнделіктеріңізбен елгезек

оқырмандар әлі-ақ талай сырласып, көкейлеріне кемел ойлар ұялатар. Қазақ өнер тарихында соңынан осыншалық мол әдеби мұра, жәдігер қалдырған өзіңіздей тұлға болған емес. Сондықтан да Сіздің орныңыз ерекше.

Өмірде талай атақ, марапаттарға ие болып жатсаңыз да, даңққа мастанып, ешқашан даңғойлыққа, кеудемсоқтыққа жол бермедіңіз. Қашан да ойлы, сабырлы қалпыңыздан қылдай ауытқымадыңыз. Кей тұстарда кеткен пенделілік қателеріңізді ашық мойындап, ар алдында ақталып, кешірім сұрап, арылып жүрген табиғатыңызды түсіністікпен ұғындық.

Ақтық деміңіз таусылғанша киелі өнерді пір тұттыңыз. Алуан қырлы, сырлы кейіпкерлерді кинода да, сахнада да өшпестей бірталай салмақ салғаны ақиқат қой. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деген ұстанымды өмір бойы бағдарлам етіп ұстандыңыз.

Асыл Аға! Тағдырдың, өмірдің қатал заңына адамзат баласының қауқар қылар қайраты, айласы жоқ. Өзекті өртейтін өлшемді ғұмырының тар құрсауын кеңейтіп, өлмес өмірге өріс ашар айласы жоқ. Орныңызда қалған Кіші Асанәлінің, Сағианың, Олжасының, қасиетті шаңырақтың ұстыны болып қалған Бағдаттыңызға өмірдің бар жақсылығын тілейік. Өлмес рухыңыз пейіште шалқысын!

Інінші **Пернебай ДҮЙСЕНБИН,**
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жанатас қаласы бойынша 2026 жылдың 6 сәуір күні сағ. 00:00-ден бастап қалалық қазандықта жылу беру маусымы аяқталады.

Жанатас қаласы бойынша көпқабатты тұрғын үйлерде, барлық мемлекеттік мекемелер ғимараттарына гидравликалық сынақ 2026 жылдың 11 сәуір күні сағ. 09:00-15:00-ге дейін жүргізіледі.

Барлық тұрғындарға, мекеменің жауапты қызметкерлеріне жертелерде ақау шыққан жағдайда «Жанатас-Су-Жылу» ШЖК КМК-ның диспетчерлік бөліміне (тел.6-34-03,6-25-88) хабарласуын сұранамыз.

«Жанатас-Су-Жылу» ШЖК КМК өкімшілігі.

УВЕДОМЛЕНИЕ

По городу Жанатас 6 апреля 2026 года с 00:00 часов завершится отопительный сезон в городской котельной.

В связи с данным распоряжением 11 апреля 2026 года с 09:00 до 15:00 часов будут проведены гидравлические испытания многоэтажных жилых домов и зданий всех государственных учреждений в городе Жанатас.

Всем жильцам, ответственным работникам учреждения, в случае неполадок в подвальных помещениях позвонить в диспетчерскую службу КГП на ПХВ «Жанатас-Су-Жылу» (тел. 6-34-03, 6-25-88)

Администрация КГП на ПХВ «Жанатас-Су-Жылу»

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН САРЫСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ 56-ШЫ СЕССИЯСЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ 8 СӘУІР КҮНІ САҒАТ 10.00-ДЕ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ӨТЕДІ.

КҮН ТӨРТІБІ:

1. Сарысу аудандық мәслихаты төрағасының атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы.
2. Ауданда инвестиция тарту және кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында атқарылған және жоспарлы жұмыстар туралы.
3. Ауданда спорттың бұқаралығын арттыру бойынша атқарылған және жоспарлы жұмыстар туралы.
4. Жайылма ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.
5. Игілік ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

Тұрақты комиссиялардың мәжілісі аудандық мәслихатта 2026 жылдың 8 сәуір күні сағат 9.30-да басталады. Депутаттарды тіркеу 2026 жылдың 8 сәуір күні сағат 9.00-ден бастап жүргізіледі.

Аудандық мәслихат аппараты

ВНИМАНИЮ ДЕПУТАТОВ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА
ОЧЕРЕДНАЯ 56-Я СЕССИЯ САРЫСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ВОСЬМОГО СОЗЫВА СОСТОИТСЯ 8 АПРЕЛЯ 2026 ГОДА В 10.00 ЧАСОВ В ЗАЛЕ ЗАСЕДАНИЙ РАЙОННОГО АКИМАТА.

ПОВЕСТКА ДНЯ:

1. Информация председателя Сарысуского районного маслихата о проделанной работе.
2. О проделанной и запланированной работе по привлечению инвестиций, поддержке и развитию предпринимательства в районе.
3. О проделанной и запланированной работе по повышению массового спорта в районе.
4. Отчет акима Жайылминского сельского округа о выполнении возложенных функций и задач.
5. Отчет акима Игиликского сельского округа о выполнении возложенных функций и задач.

Разное.
Заседание постоянных комиссий состоится 8 апреля 2026 года в 9.30 часов в районном маслихате. Регистрация депутатов 8 апреля 2026 года в 9.00 часов.

Аппарат районного маслихата



2026 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРЫНА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР

Президенттің әскери қызметшілерді запасқа босату және азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Жарлығын іске асыру мақсатында Үкімет қаулысы қабылданды.

Сарысу ауданынан 2026 жылғы наурыз - маусым және қыркүйек - желтоқсан айларында 18–27 жас аралығындағы, кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырудан босатылуға құқығы жоқ 200-ге жуық ер азамат мерзімді әскери қызметке шақырылады.

Сондай-ақ азаматтарға шақыру SMS-хабарлама және eGov порталындағы хабарландырулар арқылы кемінде үш күн бұрын жіберілетінін еске салды. Мұндай хабарламалар ресми шақыру болып есептелді. Шақырту алған азамат жергілікті әскери басқару органына немесе шақыру пунктіне келуге міндетті.

Қорғаныс министрлігі әскери есепке алу процесін автоматтандырып, «Smart воинкомат» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жүйе шақырылушылар мен әскери міндеттілердің жеке есебін жүргізеді, азаматтар тұрғылықты жерін өзгерткен кезде автоматты түрде әскери есепке қояды, 17 жастағы жасөспірімдерді әскери есепке тіркеуді, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босатуды автоматты түрде рәсімдеуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, 2025 жылы 500-ден астам азаматқа кейінге қалдыру берілді. Әскерге шақыру туралы бұйрықтар электрондық форматта рәсімделетінін атап өту керек.

Қызмет еткен уақытта (12 ай) және одан кейін 3 ай бойы несие бойынша төлемдерді кейінге қалдыру (кредиттік каникул) құқығы бар.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға несиелік демалыс беру үшін мәліметтерді кредиттік бюроларға автоматты түрде жіберуге мүмкіндік береді. Мерзімді әскери қызметті аяқтағаннан кейін 2 жыл

ішінде ЖОО-ға емтихансыз, ақылы бөлімге әңгімелесу арқылы түсеуге болады.

Сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткергендерге мемлекет тарапынан бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, олар жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігіне ие болады және несие төлемдерін кейінге шегере алады. Қазіргі таңда Сарысу ауданынан әскерге барып келген 4 азамат ҰБТ-сыз жоғары оқу орындарында білім алып жатыр.

Әскерде тамақтану жүйесі цифрландырылып, мезір кеңейтілді. Қазақстан Қарулы күштерінде әскери қызметшілерді тамақтандыру жүйесін жаңғыртуға бағытталған жаңа стандарттар енгізіліп жатыр.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, жаңартудың негізгі элементтерінің бірі – әскери қызметшілерге бірнеше тағамның ішінен таңдау жасауға мүмкіндік беретін «швед үстелі» қағидағарын енгізу.

Жаңашылдық аясында ұлттық тағамдарға да басымдық беріліп отыр. Әскери бөлімдерде «ұлттық тағамдар күні» енгізіліп, мезгірге мамлар, қуырдақ, палау, ет және бауырсақ сияқты дәстүрлі ас түрлері қосылған.

Бұдан бөлек, далалық жағдайда тамақ сапасын арттыру және әскери аспаздар институтын дамыту жұмыстары қолға алынған. Аспаздар полигондарда азаматтық жеткізушілермен бірлесіп жұмыс істейді.

Қоғамдық бақылау да күшейтілген. «Аналар жүрегі» сарбаз аналары комитеті тамақ сапасын бағалау және жеке құраммен өзара іс-қимыл жасау процесіне қатысады.

Жұмысқа орналасу бойынша құқық қорғау органдарына (ІІМ, Мемлекеттік күзет қызметі) жұмысқа қабылдануда артықшылықтар беріледі.

А. УАЛИХМЕТОВ, Жанатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы, подполковник

ХАБАРЛАМА!

Сыбайлас жемқорлыққа, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» №4 Үлгілік базалық бағытының жобаларын орындау бойынша, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жанатас көпсалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық төзекелдеріне ішкі талдау жұмыстарын жүргізу басталғанын хабарлайды.

Сарысу ауданындағы азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын алу үшін байланыс телефоны: 8 (72634) 6-26-14, e-mail: info@zhanatas-kk.edu.kz.

Мекен-жайымыз: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, № 1.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

В целях выявления и устранения причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, в рамках реализации проектов №4 Типового базового направления «О противодействии коррупции», государственное коммунальное казенное предприятие «Жанатасский многоотраслевой колледж» управления образования акимата Жамбылской области, сообщает о начале проведения внутренних анализа работ по оценке коррупционных рисков в сфере образования.

Для получения мнений и предложений жителей Сарысуского района просим обращаться по телефону: 8 (72634) 6-26-14, e-mail: info@zhanatas-kk.edu.kz.

Наш адрес: Жамбылская область, Сарысуский район, город Жанатас, 5-й микрорайон, дом №1.

Меншік иесі:

“САРЫСУ” ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Жанна ЖЕТЕНОВА

Директор

Редакция телефондары:

Директор:
6-29-21,
тілшілер:
6-19-12,

E-mail: sarysu_02@bk.ru

gazeta-sarysu.kz

Таралымы 2809

Тапсырыс № 692

Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді, қолжазба кейін қайтарылмайды. Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты. Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз. Sarysu газетінде жарияланған материалдарды әлеуметтік желілерде, басқа да басылымдарда көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша келісімі алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады

Газет индексі-65301

А-Материалдың жариялану ақысы төленген
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Қанатты қалам әлемі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылады. Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 36Б.

Газет Қазақстан Республикасының аппарат және қоғамдық даму министрлігінде 2020 жылғы 08 қаңтарда тіркеліп, №KZ04VPY00019163 куәлігі берілген.

Кезекші редактор:

СӨЛЕТ ЕСҚАРА

Мекенжайымыз: 080700,

Жанатас қаласы,

1-шағынауданы, 28-үй.





ЕЛІНДІ ҚОРҒА, ЕР ҰЛАН



Халқымызда: «Ер - елдің ық жағындағы қаласы, жел жағындағы панасы» деген жақсы сөз бар. Әр ата-ана баласының нағыз азамат болғанын, тек өз отбасының емес, елдің қамын ойлайтын халықтың ұлы болғанын қалап, тілеп отырады. Ал әскер қатарына қосылып, Отан алдындағы борышын өтеу - азаматтық пен қайсарлықтың белгісі емес пе? Мұны еліміздің заңына сәйкес, кез келген 18-27 жас аралығындағы денсаулығы жарайтын әр жігіт Отан алдындағы борышын өтеуі міндетті. Қазіргі уақытта әскерге шақырылған азаматтарға көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, әскери борышын өтеп келіп, ұлттық біріншілік тестілеуіс жоғары оқу орнына түсе алады. Әскерде өздерінің жауынгерлік дайындық пәндері бар, ал егер сарбаз осы пәндердің барлығын үздік оқыса, онда оған күлөк беріледі. Осы сертификат арқылы жоғары оқу орнына ҰБТ-сыз және тегін негізде оқи алады. Тағы айта кететін жайт, егер әскерде борышын өтеп жүрген жігіттердің несиелері болса, несиені бір жыл әскери борышын өтеп келгеннен кейін, 60 күн уақыт ішінде жұмысқа орналасқан соң төлеуге мүмкіндік беріледі.

-Амангелді Елемесұлы, алдымен әскери адам ретінде әскер туралы айтып өтсеңіз.

Әскер кез келген мемлекетке керек. Әскер болмаса, мемлекет те болмайды деген түсінік бар. Еліміздің заңына сәйкес, кез келген 18-27 жас аралығындағы денсаулығы жарайтын әр жігіт Отан алдындағы борышын өтеуі міндетті. Қазіргі уақытта әскерге шақырылған азаматтарға көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, әскери борышын өтеп келіп, ұлттық біріншілік тестілеуіс жоғары оқу орнына түсе алады. Әскерде өздерінің жауынгерлік дайындық пәндері бар, ал егер сарбаз осы пәндердің барлығын үздік оқыса, онда оған күлөк беріледі. Осы сертификат арқылы жоғары оқу орнына ҰБТ-сыз және тегін негізде оқи алады. Тағы айта кететін жайт, егер әскерде борышын өтеп жүрген жігіттердің несиелері болса, несиені бір жыл әскери борышын өтеп келгеннен кейін, 60 күн уақыт ішінде жұмысқа орналасқан соң төлеуге мүмкіндік беріледі.

-Қорғаныс бөлімінің қызметі туралы және әскерге шақыру процесі қалай жүреді?

Қорғаныс бөлімінің ең негізгі қызметі - әскерге шақырылушылармен жұмыс жасау. Бұрын алғашқы әскери дайындық оқытушылары мектеп оқушыларын әкеліп, жеке іс жасақтап, тексеріп жүргізетін. Ал қазіргі уақытта тек 18 жасқа толған соң немесе кейінге қалдыру уақыты біткеннен кейін шақырылып, медициналық тексерістен өтеді. Және шетелде оқитын жағдайда оқып жатқаны туралы анықтама әкеледі. Біз 1414 нөмірі арқылы шақырту хабарламасын жібереміз.

Заңда көрсетілген ең негізгісі - шақырылушының өз қолына берілетін шақыру. Шақырту қағазы қолына түскен жігіт 3 күн ішінде аудандық әскери бөлімге келуі міндетті. Егер осы уақыт аралығында ол келмесе, бұл оның қашып жүргенін білдіреді. Заңға сәйкес, біз келмеген адамдардың тізімін полиция бөліміне жібереміз. Заңда егер шақыру қағазын шақырушыға жеке тапсыру мүмкін болмаса, онда іс оны іздеу үшін Ішкі істер министрлігіне беріледі деп көрсетілген. Сондай-ақ келмей, әскерден қашқандарға өкімшілік айыппұлдар салынады.

-Қазіргі уақытта оқушылар және студенттермен жүргізілетін жұмыстар туралы білесіз?

Иә, біз әрқашан білім бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасап, оқушы, студенттермен кездесулер өткізіп тұрамыз. Кездесулер үгіт-насихат бағытында өтеді. Шаралар студенттерді және мектептің 9-11 сынып оқушыларын шақырамыз. Жұмыс барысында олар өздерін қызықтырған сұрақтарын қояды. Осындай кездесулерді тек қала бойынша емес, ауылдарға да барып, өткіземіз. Біздің бөлімге әскери оқу орындарына түскісі келетіндер де келеді.

-Аудандық әскери бөлім 2025 жылды қалай қорытындылады?

Әрбір аймаққа міндетті түрде әскерге шақырылатындардың белгілі бір саны беріледі. Ал облыс әр ауданға бөліп береді. 2025 жылдың күзгі әскерге шақырту науқанында біз жоспар бойынша 85 адам шақыруға тиісті болдық. Ал біз әскерге 78 жігіт жібердік. Ал биыл көктемде 85 адам жіберу керек болып, біз 15 наурыздан 30 наурыз аралығында 8 жігітті әскерге аттандырдық. 2025 жыл жақсы жаңалықтарға толы болды. Айта кетерлігі, жігіттер бөлімге өз еріктерімен келді. Осы жылы барлығы келгендер көп болды. Бізге оларды іздеудің қажеті де болмады. Көбісі шақырту қолдарына түскен бойда өз беттерімен келді. Тек өзі ғана келмей, қасына достарын, таныстарын ертіп әкеліп, біз бірге

Өзіңізбен, өмір жолыңызбен кеңірек таныстырып өтсеңіз...

Мен 1984 жылы 25 мамыр күні Солтүстік Қазақстан облысы, Ш.Уәлиханов ауданы, Қайрат ауылында дүниеге келгенмін. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін, Қарағанды Заң академиясын, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті «Заң ғылымдарының магистрі», "Қорғау" жұмылдыру курсы бітіргенмін. Қызметтерім жайлы айтар болсам, Шұғыл әскери қызметте, Көкшетау қаласының УДО жүргізушісі, Ақмола облысы, Атбасар қаласы ҚББ қорғаныс бөлімінде бөлім бастығының орынбасары-топ бастығы, жұмылдыру дайындығы тобының бастығы және Ақмола облысы, Сандықтау ауданының ОДО бастығы қызметтерін атқарғанмын. 2025 жылдың сәуір айынан бастап, Жанатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы болып жұмыс істедім.

-Қазір көктемгі науқан. Әскерге шақыру жұмыстары қалай жүргізілуде? Ауданға қойылған талаптың нәтижесі қандай?

Әскерге шақыру жұмысы - жергілікті атқару органдары көмегімен атқарылады. Дәрігер, медициналық жабдықтар, көлік, полиция қызметімен қамтамасыз етіледі. Дәрігердің барлығы да-білікті сала маманы. Барлығы өз ісінің шебері. Қазіргі уақытта жергілікті атқару органдарының ұйымдастыруымен көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмысы жалғасын табуда.

-Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу жастардың көзқарасы қандай? Әскерге баруға не кедергі?

Әр бала әрқалай. Бір бөлігі-әскерге баруға қызығып, ниет білдірсе, екінші бөлігі-немқұрайлық танытып жатады. Әскерге құлық жоқ жастармен уәделік инспектор етсе жұмыс істеуде. Үйіне барып, ата-аналарымен сұхбат жүргізіп, түсініктеме алу. Жалтарғандардың дені әлеуметтік жағдай мен жұмыссыздықты алға тартады. Бірі-несіесі барын айта, бірі-ата-анасына қарап отырғанын себеп қылады. Негізгі балалардың әскерден жалтаруына басты себеп-жұмыссыздық. Күнкөріс қамымен де сыртта жүргені көп. Одан бөлек жалтарғандардың арасынан жауапкершіліктің жоқтығы да анық байқалады. Бүгінде «әскер» десе ат-тонның бала қашатындар жетерлік. Неге? Жасыратыны жоқ, қазір әлеуметтік желі мен телеарнадан түрлі жаңалықтар бірінен соң бірі тарап жатыр. Ал ата-ана үшін әскер әлемі осынысымен қорқынышты болып тұр. Егер әскерге барудан жалтарған жағдайда оларды құқық қорғау органдарымен бірге отырып іздеуіміз жұмыстары жүргізіледі. Алайда, қандай жағдай болмасын әскерге шақырылған уақытта міндетті түрде келуі тиіс. Заң бөліміне ортақ. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі бойынша азаматтық «мен әскерге бармаймын, азаматтық борышымды өтемеймін» деген арызы түссе, 387-бап бабына 1-ші, 2-ші тармақтарына сәйкес шара қолданылады. Өз уақытында келмеген жағдайда өкімшілік кодекс бойынша 647, 648, 649 баптарға сәйкес айыппұл салынады.

-Әскерге шақырудан қандай азаматтардың кейінге қалуға мүмкіндігі бар?

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы №561 Заңының 35-бабы мынадай себептермен беріледі. Отбасы жағдайы бойынша, денсаулық, оқуы әрі қарай жалғастыру, басқа да себептермен кейінге қалдырылады. Әйтсе де әр себеп құжаттармен расталуы тиіс.

-Қазіргі жастың психологиялық, моральдық деңгейі қандай? Бұл әскерге баруға қаншалықты әсер етеді?

Жастардың психологиялық-моральдық деңгейі төмен болғандықтан, әскер қатарына баруға кері әсерін тигізіп жатады. Ондай азаматтармен психолог мамандары жұмыс жүргізіп жатыр.

-Жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша қандай шаралар ұйымдастырылуда?

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру-мемлекеттің өміршеңдігіне әсер ететін негізгі рухани тірегі бола отырып, қоғамның дамуына, азаматтық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына, жастардың әскери іске қызығушылығын арттыруға негіздейтін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз тәуелсіз еліміздің айыбын жастарына арқашан зор үміт артпаймыз, сөзге. Қазақстанның өрбей жетістігі-жас өрендердің алансыз, жарқын келешегі үшін жасалған қадам. Бүгінде біздің елімізге барша әлем қауымдастығы құрметпен қарайды. Мемлекетіміз қарқынды дамуда. Еліміздің абыройын арттыру сіздердің Отан алдындағы кәсіптік борыштарыңыз болып табылады».

Осы орайда аудан өкімдігі мен білім бөлімінің бекітілген жоспары бойынша мектептер мен колледждерде оқушылар мен студенттер арасында кездесулер өткізіліп, онда видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар, мектептерде «Мен елімнің ертеңімін» тақырыбы бойынша әр жазу байқауы, ауған соғысы және ардагерлермен кездесулер, дөңгелек үстелдер, шеберлік сағаттар, сондай-ақ әлеуметтік желілерде пікір мен өзара ой алмасулар өткізілуде.

-Жастарымызға әскери мамандық иесі атану үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Жастарымызға әскери мамандық иесі атану үшін жоғары әскери білім беретін оқу орындарында әртүрлі мамандықпен білім алуы қажет. Сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өтеген соң, сол әскери бөлімде келісімшартпен қызмет етуге болады. Мерзімді әскери қызмет өткерген соң, Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындарына әскери кафедраларға грант негізінде білім алуына мүмкіндік бар.

-Уақыт бөліп, өңгіме-кеңесіңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Камели СУЛЕЙМЕНОВА, «SARYSY»

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Жамбыл облысы, Сарысу ауданында тарих пәні мұғалімдеріне арналған маңызды әдістемелік курс ұйымдастырылды. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер: мақсаттан күтілетін оқу нәтижесіне жету» тақырыбындағы бұл курс қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді қамтып, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталды.

Аталған курсты тәжірибелі ұстаз, білікті тәрбиеші Аманкул Есмырзаева жүргізді. Курс барысында «Тарих» және «Құқық негіздері» пәндерін оқытудағы жаңартылған мазмұн, оқыту мақсаттарын дұрыс қою және сол мақсаттарға сәйкес нақты оқу нәтижелеріне жетудің тиімді жолдары жан-жақты қарастырылды.

Қатысушылар оқу мақсаттарын күтілетін нәтижелерге бағыттап құрастыру, сабақ барысында функционалдық сауаттылықты дамыту, PISA форматындағы тапсырмаларды тиімді қолдану сияқты маңызды бағыттарда тәжірибелі алмасты. Сонымен қатар, білім алушылардың сыни ойлау, талдау, интерпретация жасау дағдыларын дамытуға арналған заманауи әдіс-

тәсілдер ұсынылды. Курс аясында мұғалімдер топтық жұмыстар орындап, өзара пікір алмасып, тәжірибелік тапсырмалар арқылы білімдерін тереңдетті. Әсіресе, оқу нәтижесіне бағытталған тапсырмалар құрастыру, дескрипторлар әзірлеу және бағалау критерийлерін нақтылау мәселелері кенінен талқыланды.

Бұл курс педагогтар үшін тек теориялық білім емес, практикалық тұрғыдан да үлкен тәжірибе алаңы болды. Мұғалімдер өз сабақтарына жаңа тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік алатынын атап өтті.

Қорытындылай келе, мұндай әдістемелік курстар білім беру сапасын арттыруда, мұғалімдердің кәсіби дамуына серпін беруде ерекше маңызға ие. Сарысу ауданында өткен бұл курс-заманауи білім беру талаптарына сай мұғалім даярлаудың жарқын үлгісі.

Гүлзина СЫЗДЫҚОВА,
Б. Қашқырбаев атындағы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәні мұғалімі

КОНКУРС ӨТЕДІ

ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ

Сарысу ауданы білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығына сәйкес, 2026 жылдың мамыр айының 5 күні "Орта білім беретін үздік ұйым" конкурсының аудандық I кезеңі өтетіндігін хабарлайды.

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі.

1. Конкурста қатысуға мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) барлық түрлеріне рұқсат беріледі.

2. Қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және жоғары рейтингтік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін конкурстық комиссия Конкурсқа қатысушыларды іріктеуді төмендегідей өлшемдер бойынша жүзеге асырады:

1) оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын енгізу (қазіргі заманғы білім беру технологияларын тиімді қолдану, 1 компьютерге шаққанда келетін оқушы саны, интернетке қосылу, жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі);

2) сапалы білім беруді қамтамасыз ету (жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алған тұлғалар үлесі, жалпы орта білім туралы үздік аттестатын алған оқушылар үлесі, қосымша білім берумен қамтылған оқушылар үлесі);

3) білім беру процесін қалыптастыруға қатысу (5 жылда 1 рет педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуі, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану және деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын педагогтардың үлесі, ағымдағы жылы білім беру ұйымына жұмыс істеуге келген жас мамандар үлесінің серпіні, жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі, аудандық (қалалық), облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға, семинарларға, форумдарға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысушы педагогтардың үлесі, эксперименттік, зерттеу, қолданбалы жұмыстарға, ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оқу және әдістемелік басымдарға сараптама жасауға қатысуы, авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының, ғылыми әзірлемелерінің, басылымдарының бар болуы, озық педагогикалық тәжірибе енгізу, оқушылардың кәсіби бағдарын диагностикалау қабілетін қамтамасыз ету);

4) материалдық-техникалық қамтамасыз ету, білім беру ұйымын жарқатандыру және жабдықтау (қаржыландырудың тиімділігі және нәтижелілігі, қаражатты бөлудің ұтымдылығы және тепе-теңдігі);

5) білім алушылардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбегін

қорғауға жағдай жасау (білім беру ұйымдарында білім алушылардың спорт секцияларының қызметімен қамту, тұрмыс жағдайы нашар отбасынан шыққан балалардың ыстық дәруменді тегін тамақпен қамтамасыз ету, балалар ауруларының динамикасы, оқыту жағдайының санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкестігі, мектеп инспекторы, психологтар мен әлеуметтік педагог лауазымының штатта, турнирлер мен бейнебақылау камераларының болуы, мектепшілік және жасы көмекке тәмамдар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар санының үлесі);

6) педагогтар мен басшылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі көтеруі ету және жоғары білім беру ұйымында ақпараттық-әдістемелік кеңістіктің бар болуы, педагогтарды ақпараттық-коммуникациялық технологиямен қамтамасыз ету, мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі сапалы өзгерістерді зерттеу мониторингінің нәтижесі);

7) инклюзивтік білім алуға жағдай жасау (білім беру ұйымына бекітілген шағын ауданда тұратын жалпы бала санынан инклюзивтік білім берумен қамтылған, ерекше қажеттілік талап ететін бала үлесі);

8) соңғы үш жыл ішіндегі оқушылардың оқу рейтингтік жоғары көрсеткіштері, орта білім беретін ұйымның ерекше миссиясы (жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын табысты меңгерген оқушылар үлесінің серпіні);

9) білім беру сапасын басқару (оқушылар мен ата-аналар қажеттілігінің білім беру мониторингінің нәтижесі негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау, білім беру ұйымының қамқоршылық қенесі қызметінің нәтижелілігі);

10) білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың нәтижелері (оқу жетістіктерін сыртқы бағалау, ұлттық біріншілік тестілеу және халықаралық зерттеулер рәсімдерінің нәтижесі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын дамыту және қалыптастыру критерийлері, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен оқушылардың ғылыми жарыстарының жүлдегер оқушыларының үлесі);

11) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру (халықаралық ұйымдармен жасалған шарттар саны, халықаралық жобаларға қатысқан оқушылар мен педагогтар үлесі).

Конкурсты ұйымдастырушы Сарысу ауданы білім бөлімі Конкурс өтетін күні: 2026 жыл, 05 мамыр

Конкурстың өтетін орны: Сарысу ауданы білім бөлімінің мәжіліс залы

Конкурсқа өтінім қабылдау мерзімі 2026 жылдың 02 мамырына дейін.

Конкурс хатшысының байланыс нөмірі-87024173630

Б.ЖУМАҒҰЛОВА,
Сарысу ауданы білім бөлімінің әдіскері